«Бекітемін»
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№20 «Нұршуақ» балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры _____ *Ж. Е. Смагулова*

«18» 10 2025 ж

Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар 5–6 жастағы баламен жүргізілетін жеке ұйымдастырылған іс-әрекеттің жылдық жұмыс жоспары

(«Балапан» мектепалды тобы)

Педагог-ассистент: Марболат Айкун

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

Перспективалық жоспар 5–6 жастағы **қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылысы, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (ОНР 1-деңгей)** диагнозы бар баланың ерекше білім алу қажеттіліктерін өтеуге бағытталып, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкестендіріліп жасалды.

Нормативтік-құқықтық негіздер:

– ҚР «Білім туралы» Заңы — мектепке дейінгі ұйымдарда барлық балаға тең мүмкіндік жасауды міндеттейді;

– ҚР Білім және ғылым министрінің №6 бұйрығы — педагог-ассистенттің функционалдық міндеттері мен жұмыс ережесі анықталды; педагог-ассистент баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті ортада қолдау көрсетеді;

– ҚР Оқу-ағарту министрінің №338 бұйрығы — Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібі бойынша жеке бағдарламаны дайындауға және жүзеге асыруға негіз болды;

– ҚР АИНБДҰҒПО Әдістемелік нұсқаулығы (Алматы, 2024) — «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарламасы әзірлеу» нұсқаулығына сәйкес жасалды;

– 2025–2026 оқу жылына арналған Балаларды ерте дамыту институтының әдістемелік нұсқау хаты — мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша.

Жоспардың негізгі мақсаты:

Баланың коммуникативтік, таным-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын түзете отырып дамыту; оның қоршаған ортаға бейімделуі мен болашақта жалпы білім беру үдерісіне қосылуына негіз даярлау.

Жоспар мынадай 5 негізгі дағдыны қамтиды:

– 1-дағды — Коммуникациялық дағды: ересекпен және балалармен қарым-қатынас орнату, тілдік белсенділікті арттыру, диалогқа түсу;

– 2-дағды — Әлеуметтік-эмоционалды дағды: эмоцияларын тану және реттеу, басқалармен бірлесіп ойнау, ортақ іс-әрекетке қатысу;

– 3-дағды — Өзіне-өзі қызмет ету дағдысы: киіну-шешіну, тамақтану, тәртіп ережелерін сақтау арқылы тұрмыстық дербестікті қалыптастыру;

– 4-дағды — Таным-зияткерлік дағды: зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды салыстыру, жіктеу, топтастыру;

– 5-дағды — Қозғалыс дағдысы: ірі және ұсақ моториканы дамыту (саусақ жаттығулары, сурет, қию, ілгек тағу және т.б.).

Күтілетін нәтижелер:

– Бала педагогпен және балалармен қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасайды;

– Байланыстырып сөйлеудің қарапайым түрін қолданады, шағын әңгіме құрастырады;

– Құрдастарымен ойнауға, бірлескен іс-әрекетке қатысады;

– Эмоциясын жеткізіп, басқа адамның көңіл күйін түсінеді;

– Мектепке қажетті негізгі дағдыларға (тәртіп сақтау, тапсырма орындау) бейімделеді.

Айы	Апта	Тақырыбы	Арнайы ұйымдастырылған т үзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	1-2 апта	Диагностика	– 1–15 қыркүйек аралығында кеңейді диагностикалау: – – Баланың қарым-қатынас деңгейін, тілдік белсенділігін бақылау – – Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (ОНР 1-деңгей) бойынша бастапқы деңгейді анықтау – – 5 дағды бойынша бастапқы мониторинг жүргізу – – Ата-аналармен алғашқы кездесу, баланың ерекшеліктерін талқылау
	3-4 апта	Менің балабақшам және ойыншықтар	– Балабақша бөлмелерін, ойыншықтарды суреттер арқылы тану және атау; – «Бұл не?», «Қайда?» сұрақтарына жауап беру дағдысын дамыту. – Балабақша ережелерін ойын арқылы меңгеру; балалармен бірлесіп ойнау. – Өз заттарын тануды, орнына қоюды үйрету; тапсырманы дербес орындау. – Ойыншықтарды түсі, пішіні, мөлшері бойынша топтастыру дағдысын дамыту. – «Менің ойыншығым» суретін салу; саусақ ойындары арқылы моторика дамыту.
Қазан	1-2 апта	Менің отбасым	– Отбасы мүшелерінің атын, рөлін суреттер арқылы тану және атау; – «Кім бұл?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беру дағдысын қалыптастыру. – Отбасына деген жылы сезімін

			білдіру; рөлдік ойындарда отбасы мүшесін бейнелеу. – Отбасы мүшелеріне сәйкес заттарды сұрыптау; қарапайым тапсырмаларды орындау. – Отбасы мүшелерін санау; «әке-ана», «ата-апа», «аға-іні», «үлкен — кіші», «ер — әйел» ұғымдарын ажырату. – Отбасы суретін аппликация немесе сурет арқылы бейнелеу; моторика дамыту.
	3-4 апта	**Қош келдің Алтын күз!**	– Күз белгілерін суреттен тауып атау; «Күз қандай?» сұрағына жауап беру. – Күз суреттерін қарап эмоциясын білдіру; бірлесіп жапырақ жинау ойыны. – Күзгі киімдерді дербес киіну-шешіну алгоритмін (күртеше, резеңке етік) меңгеру. – Жапырақтарды түсі, мөлшері бойынша топтастыру; маусымдарды ретімен атау. – Күз жапырақтарын штрихтеу, бояу; «Күз ағашы» аппликациясын жасау
Қараша	1-2 апта	**Көктемістер және жемістер**	– Көктемістер мен жемістердің атын, түсін, пішінін атау дағдысын дамыту; – «Бұл не?», «Қандай?» «Дәмі қандай?» «Ащщы ма, тәттә ма?» сұрақтарына жауап беру дағдысын қалыптастыру. – Нақты жемістерді ұстап, иіскеп тану; топтасып дастархан дайындау ойыны. – Жемісті жуу, дастархан дайындауға ересек нұсқауымен қатысу дағдысын дамыту. – Жемістер мен көктемістерді топтастыру; санын санау, «көп–аз» ұғымын ажырату. – Жеміс суретін бояу; пластилиннен жемістерді илеу

			арқылы моторика дамыту.
	3-4 апта	**Мамандық иелері**	– Мамандықтардың атын, атрибуттарын тану және атау дағдысын дамыту; – Рөлдік ойындарда педагогпен қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыру. – «Дәрігер», «Мұғалім» ойындарында рөлді қабылдап серіктеспен бірлесіп ойнау. – Аспаз рөлінде қарапайым дастархан дайындауға қатысу дағдысын дамыту. – Мамандық атрибуттарын суреттен тауып, логикалық жұптастыру дағдысын қалыптастыру. – Мамандыққа байланысты суретті штрихтеу, аппликация жасау арқылы моторика дамыту.
Желтоқсан	1 апта	**Жиһаздармен танысу**	1. Балалардың жиһаз түрлері (үстел, орындық, шкаф, кереует, диван т.б.)таныстыру Әр жиһаздың не үшін қолданылатынын көрсету және түсіндіру. Жиһаздарды ажырата білу, салыстыру . Жаңа сөздерді дұрыс айтып, қайталату. Танымдық дағды – жиһаздарды тану, ажырату, салыстыру. Сөйлеу дағдысы – жаңа сөздерді меңгеру, өз ойын жеткізу. Қарапайым математикалық дағды – заттарды топтау, санау, жіктеу. жиһазды суреттеу, құрастыру, елестету. Топта жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау.
	2-3 апта	Алақай, қыс келді!	– Қыс белгілерін суреттер арқылы тану және атау; «Қыста не болады?» сұрағына жауап беру. – Балалармен бірлесіп «қар» тақырыбында ойын ойнау; қысқа деген эмоциясын білдіру.

			– Қысқы киімдерді дербес киіну алгоритмін меңгеру (бас киім, қолғап, шұлық). – Маусымдарды ретімен атау; қысқы және жазғы суреттерді салыстыру. – «Қар үлпектері» аппликациясын жасау; ұсақ моторика дамыту.
	4 апта	**Қош келдің Жаңа жыл!**	– Жаңа жыл атрибуттарын (шырша, сыйлық, Аяз Ата) тану және атау; – «Мерекеңіз құтты болсын!» деп айту дағдысын қалыптастыру. – Мерекелік атмосферада қуаныш сезімін білдіру; топтасып шыршаны безендіру ойыны. – Мерекелік дастарханға дайындалуда ересек нұсқауын орындау дағдысын дамыту. – Шыршадағы ойыншықтарды санау; «биік–аласа», «үлкен–кіші» ұғымдарын ажырату. – «Шырша безеуі» аппликациясын жасау; мерекелік сурет салу арқылы шығармашылық дамыту.
Қаңтар	1-2 апта	**Қысқы ойындар**	– Қысқы ойындардың (шаңғы, коньки, шана, қар адам жасау) атын тану және атау; – «Не істейді?» сұрағына қысқа жауап беру дағдысын дамыту. – Қысқы ойындарды имитациялап, балалармен бірлесіп қимылдық ойын ойнау. – Серуеннен кейін сыртқы киімді өз бетінше шешіп, орнына қою дағдысын бекіту. – Суреттегі балаларды санау; «бірінші, екінші, үшінші» ретін ажырату. – «Қар адам» пластилиннен немесе аппликациямен жасау; ұсақ моторика дамыту.

	3-4 апта	**Жабайы және үй жануарлары**	**Коммуникациялық дағдылар** – Жануарлардың атын, дыбысын, тіршілік ортасын тану және атау дағдысын дамыту; – «Кім бұл?», «Қайда тұрады?», «Не жейді?», сұрақтарына жауап беру. – Жануарларға деген қамқорлық сезімін ойын арқылы дамыту; «Хайуанат бағы» ойыны. – «Жануарларды тамақтандыру» ойынында нұсқауды орындау; заттармен ұқыпты жұмыс. – Жабайы және үй жануарларын ажырату; аналары мен балаларын жұптастыру. – Таңдаулы жануар суретін салу немесе пластилиннен жасау; ұсақ моторика дамыту
	1-2 апта	**Көлік және жол жүру ережелері**	– Көлік түрлерінің атын, бөліктерін тану және атау дағдысын дамыту; – «Бұл не?», «Қайда барады?» сұрақтарына жауап беру дағдысын кеңейту. – «Жолаушылар» рөлдік ойынында серіктесімен диалогқа түсу дағдысын дамыту. – Жол жүру ережелерін сақтауды практикада меңгеру: жасыл шамда өту, ересекпен жүру. – Жол белгілерін суреттен тану; «қызыл — тоқта, жасыл — жүр» мағынасын түсіну. – Машина суретін бояу; пластилиннен дөңгелек жасау арқылы ұсақ моторика дамыту.
Ақпан	3-4 апта	**Дене мүшелері**	– Дене мүшелерінің атын тану, нұсқай білу дағдысын дамыту; – «Мынаны көрсет», «Бұл не?» нұсқауларын орындау дағдысын қалыптастыру. – «Басым, иығым, тізем» топтық ойынында балалармен бірлесіп қимылдау.

			– Дене тазалығын сақтау: қолды жуу алгоритмін дербес орындау дағдысын бекіту. – Дене мүшелерінің функциясын ажырату («көзбен көреміз», «құлақпен естиміз»). – Адам суретін трафарет бойынша сызу, бояу; ұсақ моторика дамыту.
Наурыз	1-2 апта	**Гүлдер**	– Гүлдердің атын, бөліктерін (жапырақ, гүл шоғы, сабақ, тамыр) тану; – «Қандай гүл?», «Қай түсті?» сұрақтарына жауап беру дағдысын дамыту. – Нақты гүлдерді иіскеп, тауып атау; топтасып гүл суреті жасау ойыны. – Бөлмедегі гүлдерге су құю, оларға қамқорлық жасау дағдысын дамыту. – Гүлдерді түсі мен мөлшері бойынша топтастыру; «бірдей — әртүрлі» ұғымын ажырату. – Гүл аппликациясын жасау; саусақ бояулармен гүл салу арқылы шығармашылық дамыту.
	3 апта	**Әз- Наурыз**	– Наурыз дәстүрлерін, атрибуттарын (наурыз көже, ою-өрнек, ұлттық киім) тану және атау; – «Наурыз мейрамы құтты болсын!» тілегін айту дағдысын қалыптастыру. – Наурыз ойындарына (Алтыбақан, ұлттық ойындар) бірлесіп қатысу; мерекені сезіну. – Ұлттық киімді ересек көмегімен киіну; дастархан дайындауға қатысу. – Наурыз рәміздерін тану, санау; «ескі жыл — жаңа жыл» ұғымдарын ажырату. – Ою-өрнек салу, бояу; наурыздық аппликация жасау

			арқылы ұлттық өнерге баулу.
	4 апта	**Көктем мезгілі!**	– Көктем белгілерін (жылынады, гүлдер шығады, құстар оралады) тану және атау; – Маусымдарды салыстыру: педагогтің сұрағына 1-2 сөйлеммен жауап беру. – Көктем туралы ойын-жаттығуларда топтасып қатысу; «Көктем келді» ойынын ойнау. – Серуенге шыққанда маусымға сай киімді өз бетінше таңдау дағдысын дамыту. – Төрт маусымды суреттен тауып ретімен орналастыру дағдысын дамыту. – «Көктем» тақырыбында сурет салу, аппликация жасау; шығармашылық дамыту.
Сәуір	1-2 апта	**Тұрмыстық техникалар**	Тұрмыстық техниканың атын, функциясын тану; «Не үшін керек?» сұрағына жауап беру. – «Үйде кім не істейді?» ойынында рөлді қабылдап тұрмыстық техниканы пайдалануды жаттықтыру. – Тұрмыстық техниканы қауіпсіз пайдалану ережелерін практикада меңгеру. – Техниканы бөлмелерге сәйкес сұрыптау (ас үй, жатын бөлме, жуынатын бөлме). – Тұрмыстық техника суретін штрихтеу, бояу; ұсақ моторика мен зейін дамыту.
	3-4 апта	**Киімдер**	– Киімдердің атын, бөліктерін (жең, жаға, түйме) суреттер арқылы тану және атау; – Педагогтің нұсқауымен «Мынаны бер», «Тап» тапсырмаларын орындау. – «Дүкен» рөлдік ойынында киім сатып алу диалогын жаттықтыру.

			– Киімдерді дербес киіну-шешіну алгоритмі бойынша меңгеру; түймені тақу жаттығуы. – Киімдерді маусымға қарай сұрыптау; «жылы — жеңіл» ұғымдарын ажырату. – Киім суретін бояу; пластилиннен киімнің бөлшектерін жасау арқылы моторика дамыту
Мамыр	1-2 апта	**Алақай жаз келді!**	– Жаз белгілерін, жаздағы іс-әрекеттерді суреттер арқылы тану және атау; – «Жаз», «жылы», «күн» сөздерін сөйлемде қолдана білу дағдысын дамыту. – «Жаз» тақырыбында топтасып ойын ойнау; жаздың қуанышын сезіну және білдіру. – Жаздық киімдерді дербес таңдау; ыстықта қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгеру. – Барлық маусымды ретімен атау; «ең жылы мезгіл» тақырыбы бойынша ойлауды дамыту. – «Жазғы табиғат» суретін салу, аппликация жасау; шығармашылық жұмысты жалғастыру.
	3-4 апта	**Менің Отаным**	– Қазақстанның атауын, астанасын, туын суреттер арқылы тану және атау; – «Мен қазақпын», «Менің еліміздің аты — Қазақстан» деген сөйлемдерді айту дағдысын дамыту. – Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ойын арқылы дамыту; «Біз — қазақстандықтар» ойыны. – Ұлттық киімді (шапан, саукеле) тану; өз заттарын ұқыпты сақтау дағдысын бекіту. – Қазақстан туының түстерін ажырату; картадан елімізді табу жаттығуы.

			– Қазақстан туын бояу немесе аппликациясын жасау; ұлттық өрнек салу арқылы моторика дамыту.